

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 98 қаулысы. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 мамырда № 9-6-150 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 227 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімдігінің 2012.09.24 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Аманкелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша 2012 жылы Аманкелді ауданының аумағында егін жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ж. Қ. Таукеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғанан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Ахметов

Ә к і м д і к т і ң

2012 жылғы

11

мамырдағы

№ 98 қаулысына қосымша

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша 2012 жылы Аманкелді

ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік өнімінің түрлері	шаруашылығы	Егіс мен аяқталуы	жұмыстардың	басталуы
1	Дәнді (жаздық)		15 дейін	мамырдан 5	маусымға
2	Майлы		18 дейін	мамырдан 30	мамырға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК